Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса

# Қаратау тәжі

12+

№48 (864) Сенбі, 28 қараша 2020 жыл РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ 2004 жылы 22-сәуірден шыға бастады

## Елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға



**Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай!**
**Ту тігілді халқымның бүгін бағына,**
**Жас өрендер, желбіретіп, нық ұста!**
**Ғасырларға жалғастырып елдікті,**
**Дақ түсірме ата – баба рухына.**

1991 жыл 1 желтоқсан ҚР тұңғыш Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Міне сол жылдан бері Қазақстанның Президенті болып, елімізді көркейтті, бүкіл дүние жүзіне ұлттық танымға үлкен өзгерістер енгізді. Ұлттық идеологияның, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары белгіленді. Демек, Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Олар аталары мен бабалары құрған мемлекеттің тізгінін берік ұстап, әлем мойындаған Қазақстанды одан әрі асқақтата бермек. Оған қажетті қамқорлық мемлекет тарапынан жасалған. Енді сөз жастарда, ендігі мәселе өрнықты жастар саясатында. Иә, Елбасы қадап айтқандай, Қазақстан халқы - білімге, ғылымға құмар халық. Ауылы мен қаласы қатар өскен - қуатты Қазақстан! Бүгінде Қазақстан кемел ел, ынтымағы жарасқан мемлекетке айналды. Тарихта жеке адамның рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Халықпен осынау тұрақты, айнымас рухани және тікелей байланыс көп жағдайда оның бүкіл ғұмырының бағыты мен мұрат - мақсатын айқындап берді.

## Қайырымқылық - ізгілікке бастар жол




**Биыл Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты түрлі жобалар мен акциялар мықтап қолға алынып, жаны жомарт жандар саны күн санап артып келеді.**

**Жақсылыққа жаны құмар азаматтар әрдайым халықтың разылығына бөленуде.**

Биыл қазан айында Кентау қаласының тумасы, шымкенттік кәсіпкер, іскер азамат, Шымкент қаласы «ЛЭП Строй групп» ЖШС директоры Дархан Дүйсебеков бастаған компанияның ұжымдастары әлеуметтік тұрғыдан аз қыстау сәтте көмек көрсеткен жандарға баршамыз біріге алғыс айтамыз!

Қыс мезгілі таяп қалған шақта көмек қолын созған жандарға көмек алған отбасылар Дархан Дүйсебеков бастаған ұжымға «Алла разы болсын!» - деген алғысын жеткізуде.



Біздің міндет - барша жандарды жақсылық жасауға шақыру,- деді

# Бүгінгі жас ұрпақ - ертеңгі болашақ иелері!

**«Жаңа оқу жылын қашықтықтан оқыту формасында бастау туралы шешім қабылданды. Біз үшін ең бастысы - балалар мен мұғалімдердің денсаулығы қауіпсіздігі. Бала үшін білім саласы үшін дәстүрлі форматтан артық ештеңе жоқ дәстүрлі форматта оқыту уақытын асыға күтеміз»**

**А.Аймағанбетов.**

Осы бағытта «Шыпан» жалпы орта мектебі бастауыш сынып бірлестігінің 2020-2021 оқу жылындағы тақырыбы «Оқушыларды жаңа технологияны колдана отырып сыни тұрғыдан ойлау қабілетімен білім сапасын көтеру» мақсатын басшылыққа ала отырып жаңартылған білім мазмұнын меңгерген 11 мұғалім жұмыс жасап отыр. 2-4 сынып оқушылары қашықтықтан білім алуда. Ал 1-сыныптар оқушылардың ата –аналары, немесе олардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша мектепте 3 кезекші сынып ашылып 64 оқушы білім алуды бастады. Мектеп директоры А.Б.Жумадуллаев, бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары З.Ж.Кишибаева, тәрбие ісі бойынша директордың орынбасары У.Б.Ибрагимов жұмыла жұмыс атқарып кезекші сыныптарға қажетті барлық жағдайларды жасады.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігі денсаулығы бірінші орынға қойылды. Осы орайда Кентау қалалық білім бөлімінің бастауыш сынып әдіскері А.Мақұлбекованың қызметі де орасан зор. Кезекші сыныптардың ашылуы жұмысты ары қарай жандандырып жаңалықтарымен дер кезінде бағыт бағдар беріп отырды. Дегенмен бұл жағдай елімізге сонымен қатар, білім саласына біраз қиындықтар алып келді. Сол қиындықтарды бірлесіп жеңіп келеміз.

Мектепте барлық санитарлық ... сыртқы байланыстар шектелген. Сабақтың ұзақтығы 40 минут. Кезекші сыныпқа оқуға созылмалы аурулары жоқ оқушылар қабылданған. Оқудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде мынадай шаралар сақталған;

-мектепке кіру, шығу кезінде медицина қызметкерлерінің білім алушылармен



педагогтардың дене қызуы өлшенеді.

- маскада кіру режимі қатаң сақталады.
-кабинеттерді желдету, кварцтау жұмыстары жүргізіледі.
- оқу үстелдері 1м қашықтықта орналасқан.
- сабақтар арасындағы үзілістер әр сыныпқа әр түрлі уақытта ұйымдастырылған.

Мектеп әкімшілігінің үнемі бақылауында. Қашықтықтан білім алып отырған 2-4 сыныптарға келер болсақ оқушылардың сабаққа қатысу пайызы жақсы жаңа технологияны жас болсада меңгеріп келеді. Сабаққа қатыспай жүрген оқушылар дер кезінде анықталып мектеп әкімшілігімен бірге жұмыла жұмыс атқарылады. Бастауыш ... сабақтарды уақытылы сабақ кестесіне сай жұмыс жасап жіберілген кателіктер жеткен жетістіктерімен күнде мектеп әкімшілігімен тығыз кері байланыста талқыланып проблемалар сол мезетте жауабын табады. Кентау қалалық білім бөлімі тарапынан берілген планшет, компьютерлер жағдайы төмен

оқушыларға таратылып берілді.

Қашықтықтан оқып жатырмыз деп мұғалім де оқушы да қарап отырмай үнемі ізденіс үстінде. Қалалық білім бөлімінен келген байқауларға белсенді қатысып жүлделі орындарға ие болып жатыр. **Атап айтсақ:** Оқушылар «Күзгі селфи» байқауы, «Алтын күз» байқауы, «Абайды оқы, жалықпа» байқауы, «Дарабоз» байқауы, «Дара бала» байқауы, «Бала дарын» байқауы, «Ұстазым менің -ұстазым» байқаулары Мұғалімдер; «Үздік педагог» олимпиадасы, «Ең үздік педогог-2020» олимпиадасы, «Ұстаз тілегі» олимпиадаларына қатысып білімдерін шыңдауда.

Қашықтықтан білім беру кезінде ... «Дарын» онлайн, «Дарын мембер» платформалары арқылы сабақ процесін жүргізуде. Оқушылар болса, тест тапсырмаларын жинап Дарында бонус жинап электрондық кітаптарды сыйлыққа алып, құрмет грамоталарымен марапатталуда.

Оқушылардың қауіпсіздігі, жол ережелері, санитарлық эпидемиологиялық ахуалға байланысты іс- шаралар сабақтардың ұйымдастыру кезеңдерінде оқушыға да ата–аналарға да түсіндіріліп отыр. Ата-аналар жиналысы, директор жанындағы кеңес т.б жиналыстар қашықтықтан «ZOOM» платформасы арқылы жүргізіліп отыр. Күзгі демалыс кезінде әр сынып жетекшісі өзінің атқаратын жұмыстары жоспарын жасап сол бойынша бір қатар сабақтан тыс іс шаралар өтті. **Атап айтсақ:** «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Мен Абайды –жырлаймын», «Мен жас суретшімін», «Балалардың көзімен әлем» тақырыптарында іс-шаралар өтіліп (қашықтықтан) оқушылар белсенді қатысты. 3-4 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада ұйымдастырылып, оқушылар Математика тест (10-сұрақ), Өзбек тілі (диктант), Жаратылыстану (10 сұрақ) осы аталған пәндер бойынша тапсырмаларды орындап жеңімпаздар анықталды.

Ертеңгі болашақтың иелері –жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздар қауымына қазіргі ахуал оңайға соғып тұрған жок, десе де сол ұрпаққа қалай білім беру жолында аянбай қызмет етіп отырған «Шыпан» жалпы орта мектеп мұғалімдері осы жаман індеттен тезірек арылып білім ордасында шәкірттерімен аман –есен қауышуды тілейміз!

**Зульфия КИШИБАЕВА,**
**«Шыпан» жалпы орта мектебінің бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі**

негізінде бүгінде еліміздің өсіп өркендеуіне өз

# Онлайн режимдегі білім беру жүйесі

Биылғы жыл белгілі-бір аймақ үшін ғана емес, бүкіл жер планетасы үшін ауыр болды. Жыл басынан бері орын алған жер сілкінісі, табиғи апаттар әлеуметтік жағдайды қатты өзгертті. Соның ішінде Қытайдан бастау алған COVID-19 вирусының ауқымды түрде таралуының орны өзекті. Шекаралас ел болғандықтан біз үшін жедел шешім шығарып, шара қолдану шарт еді. Ауру өршіген соң, еліміздегі көптеген сала онлайн форматқа өтіп, қоғамдық тәртіп күшейтілді. Соның ішінде білім беру жүйесінің жұмысы да электронды форматқа ауысқан түрде жұмысын жалғастырып жатыр. Қазіргі күнде мектеп оқушылары да, студенттер де, арнайы білім беру орталықтарындағы білім алушылар да онлайн режимде сабағын жалғастырып жатыр.

Университет қабырғасында оқу үрдісін бастаған кезден оффлайн форматқа үйренген біздер үшін алғашқы кездегі карантиндік шаралар мен онлайн білім алу процесі қолайсыз көрінді. Қолайлы тәртіп пен қолайлы жүйенің бірден орнауы қиын болғандықтан біршама уақыт түсініспеушіліктер орын алғаны рас.

Бұрын жұмыс жасап көрмеген платформаларда сабақ өту, білім беру жүйесінің толығымен интернетке тәуелді болуы студенттер үшін ғана емес оқытушылар үшін де екіжақты әсер етті. Бұл жағдай осы салада жұмыс жасайтын, білім алатындарға қатты қиындық тудырмады. Мысалы, IT саласының мамандары, программалау саласындағы студенттер үшін қалыпты жағдай. Ал гуманитарлы және жаратылыстану бағытындағы білім алушылар біршама қиындықтарға ұшырады.

Дегенмен, көштің жүре түзелетіндігін айта отырып, жарты жылға созылған карантин шаралары білім беру жүйесін онлайн форматқа толықтай икемдей бастады дей аламыз. Қазіргі күнде оқушылар болсын, студенттер болсын өз сабақтарының өту процесін үйреніп, бір жолға қойып алды. Интернет желісі нашар аймақтардағы қиыншылықтарды ескермесек, сабақтың өту процесінен аса күрделі мәселе туындап жатқан жоқ. Әрине, ғылыми білім алушылар үшін зертханалық жұмыстарды жүргізе алмау, біршама практикалық білімді төмендетіп жібергені де рас. Десе де, видео сабақтардың көмегімен, аз да болса кемшіліктердің орны толтырылып жатыр.

Онлайн білім беру жүйесі еліміздегі инновациялық дамудың деңгейін де ашып көрсетті. Халықтың интернетке қол жетімділігі, онлайн режимге қажетті заманауи құрылғылардың қамтамасыздандырылуын бағалай алдық. Алдағы уақытта цифрлы ел болуымыз үшін нені ескеру керектігін білдік. Оның үстіне «ZOOM» платформасының директоры бір күнде 5.8 млрд доллар тапқанын ескерсек, еліміздегі IT саласының мамандары мен студенттеріне қай бағытта жаңалық ашу керектігі айқындалды деуге болады. Елімізде тіпті мәжіліс, сенат, парламент жиналыстары, жоғарғы оқу орындарының кеңестері «ZOOM» платформасында өтті. Оған қоса болашақта көп нәрсенің цифрлы боларын болжап отырмыз. Осы жағдайларды ескере отырып, қазіргі онлайн білім беру жүйесін, болашақтағы цифрлы Қазақстанға дайындық деп қабылдағанымыз жөн деп ойлаймыз.

Халықтың, оның ішінде жастардың, әлеуметтік желінің мүмкіншіліктерін, оқу платформаларын қолдануда, сонымен қатар, қарапайым программалармен жұмыс жасауда сауатының ұштануы – онлайн режимнің оң тұсы екендігін байқауға болады. Дегенмен, ұстаз бен шәкірттің бетпе-бет қатынасуы (кеңесу, талқыласу, эмоция бөлісу әрекеттері), студенттердің коммуникациялық белсенділігінің кемуі – онлайн режимнің кері көріністерінің сипаты болып саналады.

Қорыта айтқанда, онлайн білім беру жүйесінің пайдалы оң нәтижелі және кері тартар жақтары да бар екенін ескере отырып, десе де, өскелең ұрпақтың заман талабына жылдам бейімделуі және өзіндік дисциплинасы мен жауапкершілігінің жоғары болуы – онлайн уақыттың өтуін пайдалы қылмақ.

**БЕКЕТАЕВА М.Т. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің физика-техникалық факультетінің ЖжТФ кафедрасының аға оқытушысы және ТФ-437 топ студенттері Ә.Манап, И.Мұхамедханов.**

# Заңды тұлғаларды тіркеу мәселелеріне қатысты

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге қатысты Заңдарға соңғы жылдары елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты заңды тұлғалардың өкілдері әділет органдарына тіркеу мәселелеріне қатысты жиі-жиі жүгінуде.

**Себебі 2019 жылдың 1 шілдесіне дейін заңды тұлғалардың барлық түрлерін мемлекеттік тіркеу Әділет органдарымен жүзеге асырылып келген.**

**2019 жылдың 2 сәуірінде қабылданған «Бизнес - ортаны дамыту және сауда-саттық қызметін реттеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан** Республикасының Заңымен коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік тіркеу функциясы



электрондық хабарлама негізінде автоматты режимде енгізілетін болды.

Осылайша, акционерлік қоғамды, филиалды, өкілдікті

құжат қоса береді. Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болып табылса, жеке тұлғаның нотариат куәландырған келісімі беріледі.

Заңды тұлға мекен жайының өзгеруімен тіркеуші органға құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабар береді. Ол туралы уақтылы хабарламау үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес **әкімшілік жауаптылық көзделген.**

Сонымен қатар, заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын органына, тіркелген жеріндегі мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана

# ҚазҰУ- мүмкіндіктер ордасы

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Қазақстан Республикасындағы үздік жоғары оқу орындарының бірі.***

***Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстан ЖОО басты рейтингісі бойынша көшбасшы, мемлекетіміздің тарихында бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты, ТМД-ның «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты атанды. Тек елімізде ғана емес, басқа елдерде де танылып, бағындыруда. Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия ЖОО-дарынан жалғыз болып QS «World University Rankings» халықаралық рейтингісінде топ-200 ең үздік университеттер қатарына еніп, 165 орынды бағындырды. Аталмыш топқа посткеңестік аймақтан тек екі университет: ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ) енді. Университет құрамында 16 факультет, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады.***

Соның ішінде Экономика және Бизнес жоғары мектебі – университет қабырғасы қалыптаса бастаған уақытта 1949 жылы ашылған, жоғары білікті мамандар даярлайтын, кәсіби біліктілігі жоғары экономистерді қамтитын оқу орны болып табылады. Оқу бағдарламасы «қаржы және есеп», «бизнес-технологиялар», «менеджмент», «экономика» кафедралары бойынша жүзеге асады. Факультет құрамындағы төрт кафедра экономика, маркетинг, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару, логистика мамандықтары бойынша маман даярлайды. Факультетте жыл сайын 500-ден астам студенттер мен магистранттар, докторанттар түлеп ұшады. Факультетте ЖОО арасында жыл сайын республикалық олимпиададан студенттер жүлделі орындарға ие болады. Құрамына кәсіби біліктілігі жоғары ғылым доктарлары мен ғылым кандидаттарын шоғырландырған білім ордасы сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Соның дәлелі – экономика және бизнес жоғары мектебінің атақты түлектері. Факультет түлектері қазіргі таңда білікті маман иелері болып табылады.

Университетте студенттер үшін жан-жақты даму үшін, көшбасшылық қабілетті қалыптастыру мақсатында, өз-өзін кемелдендіріп, еркін, заманауи дамыту үшін бар жағдай жасалған. Сол бар мүмкіншілікті пайдалана білу, әр студенттің өз қолында. Мәселен, интернет орталығы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтандыру комбинаты, «Керемет»студенттерге қызмет көрсету орталығы, компьютерлі- техникалық жабдықтар, WI-FI сымсыз интернет желісі, ауқымы кең спорттық кешен сынды орталықтар орналасқан. Онымен қоса, Орта Азиядағы ең үлкен кітапхана – әл- Фараби атындағы кітапхана орналасқан. Қойнауы кітапқа бай, зәулім сарайлы кітапханада әр студент өзінің керегіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады .

Бүгінгі талапкер – тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосар ертеңгі ел азаматы. Осындай білім ордасында оқу- әрбір түлектің арманы десек қателеспейтін шығармыз. ҚазҰУ әрбір студентке сапалы білім, естен кетпес студенттік өмір, керемет мүмкіндіктер сыйлайды. Мен осы білім ордасында оқып жатқаныма өте қуаныштымын және талапкерлерге, болашақ түлектерге де дұрыс таңдау жасауға кеңес беремін.

**С.К.ТАЖИЕВА,**
**Әл–Фараби атындағы ҚазҰУ**
**«Менеджмент» кафедрасының**
**э.ғ.к., аға оқытушысы,**
**Айгерім ІЛЬЯС,**
**Жетекшілігіндегі магистранты.**